

Бекітемін: *Ақсау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы» әдіскері:
Жақсылықова А.Ә.

«ҰРАНДЫ ЕЛДІҢ-ҰРПАҒЫ ҚАЙСАР»

(Ересектер, «Ер Төстік» тобының мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова.К.

Әміреева.А

Таушық ауылы 06.05.2025

Мақсаты: Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен

боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды Отан қорғауға, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үрету. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Құрметті біздің ұлдар! Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар.

Тақпақтар:

Айдай:

Жауынгер біздің саңылақтар

Жауды жеңген солдаттар

Ардақта Отан- ел үшін

Бақытты туған жер үшін .

Раяна:

Отан үшін мерт болғанды танып біл,

Оларды әсте ұмытпайды халық бұл!

Ерлік даңқы ешқашанда өлмейді,

Батырлардың жүрегі от боп жанып тұр!

Тобыш:

Жеңіс күні құтты болсын,

Құтты болсын Аталар!

Ұмытпайды ешқашанда

Жауынгерді балалар.

Ән: «Ақ көгершін»

Би: «Сарбаздар»

Деменіз біз өнерді аяп қалды,

Мезгілде біраз жерге таяп қалды.

Қош боп тұрыңыздар көріскенше,

Осымен мерекеміз аяқталды.

Қош сау болыңыздар!



